



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.09.2020 ж.

Атырау қаласы

№ 121А
город Атырау

**Ыстық тамақтың берілуі
бойынша (бракераждық комиссия)
комиссия құру туралы**

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан, шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 қаулысы, 1-4 сыныптарды ыстық тамақпен қамтылуы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етудегі тамақтың сапасын, берілуін бақылау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

- 1)Шотаева А - мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары, комиссия төрайымы;
- 2)Бисенғалиева А - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүше;
- 3)Баемирова А - қамқоршылық кеңесінің төрайымы, мүше;
- 4)Кадыржанова А - әлеуметтік педагог, мүше;
- 5)Сапарғалиева А - мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, мүше;
- 6)Көшкімбаева Г - мектеп медбикесі, мүше.

2. Мектеп оқушыларына берілетін тамақтың сапасын күнделікті (күн сайын) тексеріп отыру мектеп медбикесі Б.Махметоваға жүктелсін.


3. Тегін тамақтану журналына 1-4 сыныптардың сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог оқушылардың күнделікті есебін жүргізісін.

4. Тегін тамақтанатын 5-7 сыныптың мұқтаж оқушыларының тамақтануына жауапкершілікті мектептің әлеуметтік педагогы А.Кадыржановаға жүктелсін.

5. Асханадағы тәртіп пен тазалықты қадағалауды кезекші мұғалім жүзеге асырсын, арыз-шағым журналы ашылуын қадағалауды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Орынбасарова кезекшілік тағайындасын.

6. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



О.Х.Хуандыкова

Орындаған: Г.Бурбаева